



Іс-шара

Сейсенбі күні № 1 кітапхана филиалы № 31 кәсіптік колледждің оқушыларына «Денсаулық жолы» тақырыбында денсаулық сабағын өткізді

Дені саудың - жаны сау

- Оқушыларға табиғаттың адам баласына сыйлаған ба-сты байлығы - денсаулықты сақтаудың басты жолдары, зиянды жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір сүру екендігін

на келтіретін салдары жайында тұщымды мәліметтер берді. Сонымен қатар оқушылар арасында осы тақырыпта викторина өткізді. «Салауатты өмір салты» бөлімінің маманы Еңлік Мұхтарова спортпен айналысу, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау, толыққанды демалу жайында айтып берді.

бөліскенінен анық аңғаруға болады. Атап айтар болсақ, «Темекінің қандай зияны бар?», «СПИД-ті емдеуге бола ма?» деген сыңайдағы басқа да



ұғындыру, адам денсаулығының қаншалықты қымбаттылығын, бағалы байлық екенін түсіндіру. Денсаулықты сақтауға, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету мақсатында осы шараны қолға алып отырмыз, -дейді кітапханашылар.

Шара барысында кітапханашы Ақмарал Шакетова денсаулық туралы айта отырып, темекі шегудің, алкогольді ішімдік ішудің зияны мен есірткі қолданудың адам ағзасына, сонымен қатар отбасы-

Ал сосын темекі шегудің, спиртті ішімдіктердің көрі әсерлері, нашақорлықтың денсаулыққа қатерлі дерт екені туралы роликтер көрсетілді, ақпараттық кітапшалар таратылды. «Деніміз сау болсын десеңіз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оған қойылған он беске жуық кітапқа оқушылар қызығушылық танытты. Отыздан аса жастарды қамтыған шараның маңыздылығын оқушылардың сұрақтар беріп, кеңілдерінде жүрген ой-пікірлерімен

көптеген сұрақтарға мамандар нақты жауаптар қайтарды. Осылайша, кітапханада өткен шара барысында оқушылар өз денсаулықтарын қалай сақтау қажеттігін, жаман әдеттерден аулақ болудың маңызын, сондай-ақ жұқпалы аурулардан сақ болу жайында көптеген мәліметтер алды.

Махфуза ҚАЛЫШҚЫЗЫ,
№1 кітапхана филиалының
кітапханашысы